

**Кентау қаласының білім бөлімінің
ЖШС «Оңалайық, балақай!» бөбекжай-балабақшасы.
Бұйрық № 87 н/к**

Кентау қаласы

01 қазан 2025 ж

**«Педагогикалық әдеп
кеңесін құру туралы»**

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылдың 26 тамыздағы №2-093/3156 И хатын, 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 16 бабын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру, білім беру ұйымдарында парасаттылық мәдениетті қалыптастыру, сондай-ақ қызмет әдеп нормаларын сақтау және заңнама бұзушылықтарының алдын алу мақсатында
БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылдың 11 мамырындағы №190 бұйрығының 2 қосымшасы негізінде ЖШС «Оңалайық, балақай!» бөбекжай-балабақшасында төмендегі құрамда педагогикалық әдеп кеңесі құрылсын;

1. Айдаршаева.К-меңгеруші, Кеңес төрайымы
2. Найзабекова.Г- тәрбиеші, Кеңес мүшесі
3. Дүйсебаева.Р-тәрбиеші, Кеңес мүшесі
4. Балкибекова.Н.Е- Ер Төстік балабақшасының меңгерушісі, Кеңес мүшесі
5. Досмуратова К.А- зейнеткер ұстаз, Кеңес мүшесі
6. Альжанова.А-әдіскер, Кеңес хатшысы

2. Альжанова.А-әдіскер, Кеңес хатшысы Педагогикалық әдеп кеңесінің хатшысы А.Альжанова тағайындалып, кеңестің іс-қағаздарын жүргізуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

**Балабақша
меңгерушісі:**



Айдаршаева.К.П

Бұйрықпен танысқан:

Назарбаева Д.Н.

(Т.А.Ә)

Найзабекова Т.Ә

(Т.А.Ә)

Әбішев Р.

(Т.А.Ә)

Бекмұхамедов Н.Ә

(Т.А.Ә)

Досмұратов Ұ.А.

(Т.А.Ә)

Маманова А.Х.

[Signature]

(қолы)

[Signature]

(қолы)

[Signature]

(қолы)

[Signature]

(қолы)

[Signature]

(қолы)

[Signature]

01.10.2025 ж.

(күні)

01.10.2025

(күні)

01.10.2025 ж.

(күні)

01.10.2025

(күні)

01.10.2025 ж.

(күні)

01.10.2025 ж.



ЖШС «Оңалайық, балақай!» бөбекжай
балабақшасының педагогикалық әдеп кеңесі отырысының жұмыс
жоспары
2025-2026 оқу жылы

Әдеп кеңесінің төрағасы: Айдаршаева К.

Әдеп кеңесінің хатшысы: Альжанова А.

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	Әдеп кеңесінің құрамын бекіту және 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстыру	Қазан 2025 ж.	Айдаршаева К.
2	Педагогтер мен қызметкерлердің қызметтік әдеп нормаларын сақтау талаптары туралы түсіндіру жұмысы	Қыркүйек 2025 ж.	Айдаршаева К., Альжанова А.
3	Педагогтің кәсіби мәдениеті және тәрбиеленушілермен қарым-қатынас әдебі	Қараша 2025 ж.	Әдеп кеңесі
4	Ата-аналармен қарым-қатынаста педагогикалық әдепті сақтау	Қаңтар 2026 ж.	Айдаршаева К.
5	Ұжымдағы өзара сыйластық, мәдени қарым-қатынас және жағымды психологиялық ахуал	Наурыз 2026 ж.	Әдеп кеңесі
6	Әдеп нормаларының сақталуы бойынша жүргізілген жұмыстарды қорытындылау	Мамыр 2026 ж.	Айдаршаева К., Альжанова А.

Күтілетін нәтиже:

- балабақша қызметкерлерінің кәсіби әдеп талаптарын білуі және сақтауы;
- тәрбиеленушілерге ізгілік пен құрметке негізделген қарым-қатынастың қалыптасуы;
- ата-аналармен мәдени және кәсіби қарым-қатынастың нығаюы;
- ұжымда өзара сыйластық пен жағымды психологиялық ахуалдың қалыптасуы;
- қызметкерлердің кәсіби жауапкершілігін арттыру.

**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№ 2 хаттамасы**

Күн тәртібінде

Әдеп кеңесінің төрағасы: Айдаршаева К.
Әдеп кеңесінің хатшысы: Альжанова А.

1. Педагогтің кәсіби мәдениеті және тәрбиеленушілермен қарым-қатынас әдебі.
2. Баланың жеке тұлғасын құрметтеу.
3. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Айдаршаева К. педагогтің кәсіби мәдениеті туралы баяндама жасады. Педагогтің кәсіби мәдениеті оның балалармен қарым-қатынасынан, сөйлеу мәнерінен, сабырлылығынан, жауапкершілігінен және өз қызметіне адалдығынан байқалатыны айтылды.

Тәрбиеленушілермен жұмыс барысында әр баланың жеке ерекшелігін ескеру, баланы кемсітпеу, дауыс көтермеу, дөрекі сөздер қолданбау және баланың ар-намысына тимеу қажеттігі түсіндірілді.

Екінші мәселе бойынша тәрбиеленушінің жеке тұлғасын құрметтеу, оның пікірін тыңдау және жағымды эмоционалдық орта қалыптастыру мәселелері қаралды.

Үшінші мәселе бойынша педагогикалық әдепті сақтау әр қызметкердің кәсіби міндеттерінің бірі екені айтылды.

Альжанова Ақмарал – педагог әр баламен жылы қарым-қатынас жасап, балаға қолдау көрсетуі керектігін атап өтті.

Әбдіхалықова Таңшолпан– балалар арасында жағымды психологиялық ахуал қалыптастырудың маңызына тоқталды.

1. Тәрбиеленушілермен қарым-қатынаста педагогикалық әдеп нормалары қатаң сақталсын.
2. Әр баланың жеке тұлғасы мен қадір-қасиетіне құрметпен қарау қамтамасыз етілсін.
3. Педагогтерге дөрекі сөйлеуге, дауыс көтеруге және баланы кемсітуге жол бермеу ескертілсін.
4. Балаларға қолайлы және қауіпсіз психологиялық орта қалыптастыру жұмыстары жалғастырылсын.

Төрага: Айдаршаева К.
Хатшы: Азжанова А.



ЖШС «Оңалайық, балақай!» бөбекжай-балабақшасы
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№ 3 хаттамасы

Қатысқандар: 10

Күн тәртібінде

Өткізілген күні: «28» қаңтар 2026 жыл
Өткізілген орны: балабақша мәжіліс бөлмесі

Әдеп кеңесінің төрағасы: Айдаршаева К.
Әдеп кеңесінің хатшысы: Альжанова А.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Ата-аналармен қарым-қатынаста педагогикалық әдепті сақтау.
2. Балабақша мен ата-ана арасындағы өзара ынтымақтастық.
3. Қызметтік ақпаратты сақтау және кәсіби жауапкершілік.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша Айдаршаева К. ата-аналармен қарым-қатынас мәдениеті туралы сөз сөйледі. Педагог ата-анамен сөйлесу кезінде сыпайылық, әдептілік және кәсіби мәдениет талаптарын сақтауы қажет екені айтылды.

Ата-аналардың сұрақтары мен ұсыныстарына құрметпен қарау, баланың дамуы мен тәрбиесіне қатысты мәселелерді бірлесіп шешу, түсініспеушіліктерді мәдениетті түрде реттеу қажеттігі түсіндірілді.

Екінші мәселе бойынша балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықтың маңызы талқыланды. Бала тәрбиесінде педагог пен ата-ананың өзара түсіністігі мен бірлескен әрекеті маңызды екені атап өтілді.

Үшінші мәселе бойынша қызметтік ақпараттың құпиялылығын сақтау және тәрбиеленушілер туралы мәліметтерді жауапкершілікпен пайдалану қажеттігі айтылды.

СӨЙЛЕДІ:

Альжанова А. – ата-анамен дұрыс қарым-қатынас орнату баланың тәрбиесі мен дамуына оң әсер ететінін айтты.

Кәрібаева Айдана – ата-аналардың пікірін тыңдау және олармен серіктестік қарым-қатынас жасау қажеттігін атап өтті.

ҚАУЛЫ:

1. Ата-аналармен қарым-қатынаста педагогикалық әдеп нормалары сақталсын.
2. Ата-аналардың ұсыныстары мен өтініштеріне мәдениетті әрі жауапты түрде қаралсын.
3. Балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту жұмыстары жалғастырылсын.
4. Тәрбиеленушілер туралы қызметтік ақпараттың құпиялылығы сақталсын.
5. Педагогтердің кәсіби жауапкершілігін арттыру бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

Төраға: Айдаршаева К.
Хатшы: Альжанова А.



**ЖШС «Оңалайық, балақай!» бөбекжай-балабақшасы
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№ 4 хаттамасы**

Қатысқандар: 10

Күн тәртібінде

Өткізілген күні: «16» наурыз 2026 жыл

Өткізілген орны: балабақша мәжіліс бөлмесі

Әдеп кеңесінің төрағасы: Айдаршаева К.

Әдеп кеңесінің хатшысы: Альжанова А.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Ұжымдағы өзара сыйластық және мәдени қарым-қатынас.
2. Қызметтік тәртіп пен кәсіби жауапкершілікті сақтау.
3. 2025–2026 оқу жылында Әдеп кеңесі жұмысының орындалу барысы.

ТЫНДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша Айдаршаева К. ұжымдағы өзара сыйластық пен жағымды психологиялық ахуалдың маңызы туралы айтты.

Әр қызметкердің әріптесіне құрметпен қарауы, өзара көмек көрсетуі, пікірлерді сабырлы түрде тыңдауы және келіспеушілік жағдайында мәселені мәдениетті түрде шешуі қажеттігі атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша қызметтік тәртіпті сақтау, жұмыс уақытын тиімді пайдалану, өз міндеттерін уақытында орындау және ұжымдық жауапкершілік мәселелері талқыланды.

Үшінші мәселе бойынша Әдеп кеңесінің оқу жылының басынан бері атқарған жұмыстарына талдау жасалды. Қызметкерлерге әдеп нормаларын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілгені айтылды.

СӨЙЛЕДІ:

Альжанова А. – ұжымдағы жақсы қарым-қатынас әр қызметкердің мәдениеті мен жауапкершілігіне байланысты екенін айтты.

Дүйсебаева Роза – кәсіби әдепті сақтау балабақшадағы жұмыс сапасына оң ықпал ететінін атап өтті.

ҚАУЛЫ:

1. Балабақша ұжымында өзара сыйластық пен мәдени қарым-қатынас сақталсын.
2. Қызметкерлер қызметтік тәртіп талаптарын орындауға жауапкершілікпен қарасын.
3. Әріптестер арасында туындаған мәселелерді өзара түсіністік және әдептілік қағидалары негізінде шешу ұсынылсын.
4. Әдеп кеңесінің 2025–2026 оқу жылында атқарған жұмыстары қанағаттанарлық деп бағалансын.
5. Әдеп нормаларын сақтау бағытындағы жұмыстар оқу жылының соңына дейін жалғастырылсын.

Төраға: Айдаршаева К.
Хатшы: Альжанова А.



**ЖШС «Оңалайық, балақай!» бөбекжай-балабақшасы
Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
№ 5 хаттамасы**

Қатысқандар: 10

Күн тәртібінде

Тақырыбы: Әдеп нормаларының сақталуы бойынша жүргізілген жұмыстарды қорытындылау

Өткізілген күні: « 21 » мамыр 2026 жыл

Өткізілген орны: «Оңалайық ,балақай!» балабақшасы

Қатысқандар: 7 адам

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Балабақша қызметкерлерінің әдеп нормаларын сақтау деңгейін қорытындылау.
2. Педагогтер мен қызметкерлер арасында жүргізілген түсіндіру жұмыстарының нәтижесі.
3. Ұжымдағы өзара сыйластық, мәдени қарым-қатынас және қызметтік әдепті сақтау мәселелері.
4. Алдағы уақытта әдеп нормаларын сақтау бағытында жүргізілетін жұмыстар.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Айдаршаева Камшат Полатовна сөз сөйлеп, балабақша ұжымында әдеп нормаларын сақтау бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталды.

Балабақша қызметкерлеріне қызметтік әдеп қағидалары, педагогтің кәсіби мәдениеті, әріптестермен, тәрбиеленушілермен және ата-аналармен дұрыс қарым-қатынас жасау талаптары түсіндірілді. Ұжым мүшелерінің бір-біріне құрметпен қарауы, сыпайы сөйлесуі, қызметтік міндеттерін жауапкершілікпен орындауы және жұмыс уақытында ішкі тәртіп ережелерін сақтауы бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Жыл бойы қызметкерлермен әдеп нормаларын сақтау, педагогикалық мәдениет, қарым-қатынас әдебі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет бағыттарында әңгімелесулер, түсіндіру жұмыстары мен жиналыстар ұйымдастырылды.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде ұжым мүшелерінің қызметтік әдеп талаптарын сақтауға жауапкершілігі артқаны, әріптестер арасындағы өзара сыйластық пен жағымды психологиялық ахуалдың қалыптасқаны атап өтілді.

СӨЙЛЕДІ:

Әдіскер Альжанова Ақмарал Хасеновна балабақша педагогтері арасында әдеп нормаларын сақтау бойынша жүргізілген жұмыстардың маңыздылығын атап өтті. Педагогтердің тәрбиеленушілерге үлгі болуы, балалармен қарым-қатынаста ізгілік пен сабырлылық танытуы, ата-аналармен әдепті және мәдениетті қарым-қатынас жасауы қажеттігін айтты.

